

Ленин жолы

ҚК(б)П Саяси-Әскери Қазақстан Облыстық Комитетінің, Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 162
(6863)
1944 жыл
Сәрсенбі
16 август
Жеке саны
20 тыйын

СТАЛИН жолдасқа

Қымбатты әкеміз, данышпан көсеміміз, ұлы қолбасшымыз Иосиф Виссарионович! Алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің республикалық мәслихатына келген шопандар, сауыншылар, бұзаушылар, малшылар, колхоз фермаларының меңгерушілері мен мамандары, кеңес халқының ұлы көсемі және данышпан қолбасшысы Сізге, ерекше хұрметпен шексіз сүйсіспендік сезімін білдірумен қатар, шын жүректен жалынды сәлемін жолдайды.

Сіздің данышпандық басшылығыңызбен неміс-фашист басқыншыларға өлтіре соққы беріп, оларды үсті-үстіне жеңіліске ұшыратып, кеңестің ардақты жерін неміс арамзаларынан тазартып жатқан айбынды Қызыл Армия, ұлы отанымыздың даңқы бізді ерекше қуанышқа, асқан шаттыққа бөледі. Соғыс аяқталып келеді. Қызыл Армия бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерге жетіп, гитлершіл фашистік Германияны біржолата күйрейтін халге ұшыратты.

Арамза басқыншыларға қарсы Кеңестер Одағының ұлы күресіне еліміздің барлық туысқан халықтарымен бірге қазақ халқы да ерлікпен қатысып келеді. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап біздің барлық күшіміз, тілегіміз, ойымыз бір мақсатқа бағындырылды, ол мақсат—біздің азаттығымызға, тәуелсіздігімізге, ар-намысымызға арам қолын сұққан жекеурын жауды неғұрлым тез талқандауда айбынды Қызыл Армиямызға қай жағынан болса да көмек көрсету.

Қазақ халқы неміс-фашист басқыншыларға қарсы ұрысқа өзінің таңдаулы ұлдарын аттандырды. Олар туысқан орыстармен, украиндармен, белорустармен, грузиндермен, өзбектермен, тағы басқа халықтармен тізе қосып, совет жерін неміс-фашист басқыншылардан бір жолата толық тазарту үшін шешуші ұрыстар жүргізуде, жауды батысқа қарай тынымсыз қуып, отанымыздың мерейін үстем етуде.

Отан соғысында болған Қазақстанның көп жігіттері өшпес даңққа бөленді. Олардан жүзден аса алағаш Кеңес Үкметі Кеңестер Одағының Батыры деген ең жоғары атақ берді. Бұлардың ішінде Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Абылай Әлімбаев, Маншук Мәметова, Әлия Молдағұлова, Кеңестер Одағының Батыры деген атақты екі рет алған Сергей Луганский тағы басқа көп адам бар.

Ардақты астанамыз Москваны неміс басқыншылардан қасық қаны қалғаныша қорғаған жерлестеріміз 28 гвардияшы панфиловшылардың даңқты ерлігі бүкіл әлемге мәлім.

Елде, Қазақстанның кең байтақ колхоз даласында, Сіздің бұйрықтарыңызда, баяндамаларыңыз бен сөздеріңізде берген нұсқауларыңыз бен, Қызыл Армияның ұлы жеңістерімен жігерленген малшы колхозшылар қажырлы еңбек етіп, айбынды әскерлеріміздің жауды талқандап жоюына көмектесуде.

Қазақстан ежелден малды өлке, ал, қазақтар—кәнігі малшылар. Отан соғысы жылдарында кездескен үлкен қиыншылықтарға қарамастан республикамыздың мал шаруашылығы бұрынғысынан өсуде болды. Соңғы үш жылдың ішінде сыйын малына 526 мың бас, қой мен ешкіге 2.388 мың бас, шошқаға 101 мың бас мал қосылды. Малдың саны артумен қатар мемлекетке тапсырылған мал шаруашылығы өнімі де артып отырды. Соғыстың үш жылы ішінде республикамыздың колхоздары соғыстан бұрынғы үш жылдағыдан етті 1076 мың центнер, сүтті 1640 мың центнер, жүнді 86 мың центнер артық берді.

Қазақстанның колхозшылары неміс басқыншылардан жәбір көрген туысқан ағалары мен апа-қарындасарына мал өсіруде және колхоздардың мал фермаларын қалпына келтіруде көмек көрсетіп, сүйсіспендік қамқорлық істеп келеді. Республикамыздың колхоздары азат етілген аялдарға 1943 және 1944 жылдарда 500 мыңнан аса сыйыр, қой-ешкі жылқы, шошқа берді.

Кеңес өкметі, большевик партиясы, Сталин жолдас, Сіз, соғыстың қиын жылдарының өзінде де Қазақстанның колхозшыларының үлкен көмек көрсетіп келдініз, әлде көмектесіп келесіз. Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақ КСР-нің колхоздарында мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы» және «Қазақ КСР колхоздарында төл өсіру және ірі малдарды аман сақтау жөніндегі тапсырмасына орындаған малшы колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу туралы»

аса маңызды қаулылары біздің республикамызда колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге, сол сияқты колхозшылардың жеке меншігіндегі малын көбейтуге аса зор көңіл бөлініп отырғанын сыпаттайды. Үкметтің бұл қаулыларын орындау Қазақстанда мал шаруашылығын бұдан былай өркендетуге, колхоз бұқарасының мәдениеті мен ауқатын жақсартуға жол ашады.

Иосиф Виссарионович, қазақ халқына, Қазақстанның мал шаруашылығына деген қамқорлығыңызды халық ешқашан ұмытпайды. Сіздің бізге көрсеткен бұл қамқорлығыңызға қажырлы еңбегімізбен жауап береміз.

Біз өзіміздің республикалық мәслихатымызда соғыстың үш жылы ішінде және 1944 жылдың алғашқы жартысында мал өсірудің қорытындыларын талқандадық. Мал өсіру жөнінде жұмысты біз өткен 1943 жылдағыдан былай жақсы істеп отырмыз. Мұны көптеген колхоз бен аудан, бір қатар облыстар малының басын өсіру жөнінен де жақсы табыстарға жеткенінен көруге болады.

Гурьев облысының колхоздары мал өсірудің 1944 жылғы мемлекеттік жоспарын орындап шықты, сөйтіп, сыйыр малын 15 процент, қой мен ешкіні 43,7 процент, жылқыны 17 процент көбейтті. Осы облыстағы Новобогат ауданы малдың барлық түлігін 37,4 процент арттырды.

Мыңдаған таңдаулы малшылар елеулі табыстарға жетті. Олардың ішінде Жамбыл облысының Луговой ауданындағы «Восток» колхозының шопаны Әлімбет Боқанов әрбір 100 саулықтан 140 қозы алып, аман өсірді.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы «Жасталап» колхозының жылқышысы Сақымолла Жантүбеев жолдас 1943 жылы 118 биеден 113 құлын өсірді. Ал, 1944 жылдың 6 айында 136 биеден 130 құлын алып, шығынсыз өсірді.

Бірақ, бұл табыстарға біздің қайсымыз болсақ та қанағаттана алмаймыз. Бізде әлі де өте елеулі кемшіліктер бар, мал шаруашылығы жөнінде 1943 жылы болған зор қалыңдықты өлі де жойғарымыз жоқ. Көптеген колхоздар, аудандар, бір қатар облыстар мал өсіру жоспарын орындамай келеді, төлді, ірі малды көп шығынға ұшыратып, төлдейтін малдың бір-біріне қысып қалдырып келеді.

Сталин жолдас, бұл сияқты кемшіліктерді Сізге айтудың өзі де бізге қиын тиелді. Өйткені біз малшылар майдасқа мен еліміз алдында өзімізге қандайлық зор жауаптылық жүктеліп отырғанын жақсы түсінеміз. Біз осы кемшіліктерді жоюдың шарасын белгілеп, колхоз малын неғұрлым тез өсіруді, мемлекеттік жоспарды әрбір облыстың, ауданның, колхоздың, ферманың орындауын қамтамасыз етіп, майдан мен елімізге азық-түлікті, ал, өнеркәсіпке шикізатты мол беру жолын белгілеу үшін бас қосып отырмыз.

Қазақстанның малшылары мал өсірудің үстіндегі жылғы жоспарын толық және осыра орындауға, төлдейтін малдардың тапсырғалуын барынша азайтуға, малдың шығынға ұшыратпауға, төлдейтін малдың әрбір 100-ден төлді көп алып, аман өсіруге, малды өзінің төлінің есебінен өсіруді бұрынғыдан да күшейтуге, мал қысқатуды үлгілі ұйымдастыруға, барлық малды жеткілікті құнарлы азықпен және жақсы жабдықталған қораман қамтамасыз етуге, кең байтақ Қазақстанның қысқы және жазғы жайылымдарын толық пайдалануға барлық күшін, білімін, ынта-жігерін салады деп, қымбатты көсеміміз және ұстазымыз, Сізге сөз береміз.

Қымбатты Иосиф Виссарионович! Берген тертімізді берік ұстаймыз. Мал өсіруде қазақ халқының ежелгі бай тәжірибесін қолдана отырып, оны бұдан былай да өрістете түсетіндігін Қазақстанның малшылары іс жүзінде көрсете алады.

ВК(б)П Орталық Комитетінің басшылығы арқасында Қазақтың Кеңес республикамының малшылары жуықтағы екі-үш жылдың ішінде Қазақстанды Кеңестер Одағының шығыстағы негізгі мал шаруашылығы ордасына айналдыруға барлық күшімізді жұмсаймыз.

Ұлы Отанымыз—Кеңес Социалистік Республикалары Одағы жасасын! Советтік жерімізді толық және тез тазарту үшін жауға рахымсыз өлтіре соққы беріп жатқан қаһарман Қызыл Армиямыз жасасын!

Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы, кеңес халқының көсемі Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін!

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия генералы ЗАХАРОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 14 августа, немістердің БОБР өзені бойындағы қорғану шебінің қуатты торабы, шығыс Пруссия шек арасына кіре беріске қамал болған-ОСОВЕЦ қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды.

ОСОВЕЦ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында генерал-полковник БОЛШИННИН, генерал-лейтенант ГРИШИННИН, генерал-майор ЗАХАРОВТЫН, полковник КАРАКТИН, полковник ФЕДОРОВТЫН, генерал-майор ГАСДАРЯННИН, генерал-майор ДОЛМАТОВТЫН, генерал-майор СМЕРНОВТЫН, генерал-майор КРАСНОШТАНОВЫН, полковник СУПРУНОВТЫН, генерал-майор КИРИЛОВТЫН, генерал-майор ТЕРЕНТЬЕВТИН, генерал-майор СКРЫЛЕВИН, полковник АРТЕМЬЕВТИН әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты СОКОЛЬСКИЙДИН, артиллерия генерал-майоры ДЕГТЯРЕВТИН, артиллерия генерал-майоры КАРЕЛИННИН, артиллерия генерал-майоры ВАСИЛЬЕВТИН, полковник ЕЛСИННИН, полковник ЗЯБЛИКОВТИН, полковник КОРОЛЕВТИН, полковник КОРОТКИХТИН, полковник ТУРЧАНИНОВТИН зеңбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры ШИРОБОКОВТИН, полковник ХМЫРОВТИН, полковник Р. ДИОНОВТИН, полковник КОЗИКОВТИН танкшілері; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННИН, авиация генерал-лейтенанты ОСИПЕНКОНЫН, авиация генерал-майоры БАЙДУКОВТИН, полковник ЯКУШИННИН, полковник ВОЛКОВТИН, полковник ГРИЦЕНКОНЫН, полковник ПОКАЕВАНТИН, майор РУБЦОВТИН ұшықштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры БЛАГОСЛАВОВТИН, полковник МЕЛЬНИКОВТИН, полковник ТРЕТЬЯКОВТИН, полковник ВИЗИРОВТИН, полковник ЛОГИНОВТИН, полковник МИРОТВОРСКИЙДИН, майор ПЕТРОВТИН саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры БОРЗОВТИН, полковник ТЕЙКОВЦЕВИН, байланыс әскерлерінің генерал-майоры НОВАРЧУКТИН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ОСОВЕЦ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „ОСОВЕЦ“ атағын беруге және ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 14 августа, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, ОСОВЕЦ қаласы мен қамалын алған 2-Белорус майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ОСОВЕЦТІ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ

КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.

1944 жылғы 14 август.

2-ПРИБАЛТИКА майданы әскерлерінің осы жылы 10 июльден 10 августқа дейінгі шабуыл ұрыс қыймылдары кезінде жаудан түсірген олжасы және дұшпанның шығыны

2-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері осы жылғы 10 июльден 10 августқа дейін жүргізген шабуыл ұрыс қыймылдары кезінде дұшпанды адам күші мен техникасы жағынан мынадай шығынға ұшыратты:

Дұшпанның 167 самолёті, 17 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, түрлі калибрі 100-нан аса зеңбірегі, 1400 пулеметі, 1560 автомашинасы ЖОЙЫЛДЫ. Дұшпан 60 мыңнан аса солдатты мен офицерінен тек өлді-дей айырылды.

2-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері осы уақыттың ішінде жаудан мынадай олжа: 79 танк, түрлі калибрі 820 зеңбірек, 200 миномет, 1653 пулемет, 10899 винтовка мен автомат, 84 радио станциясын 8,9 автомашина, 199 мотоцикл, 94 трактор мен тягач, соғыс жүгі тиелген 467 ат-арба, 1877 ат, 14 паровоз, 203 вагон, ок-дәрі, қару-жарак, жабдық және азық-түлік қойылған 203 склад ҚОЛҒА ТҮСІРДІ.

Дұшпанның 9636 солдатты мен офицері ҚОЛҒА ТҮСІРІЛДІ.

Сонымен, 2-ПРИБАЛТИКА майданындағы шабуыл ұрыстарының бір айы ішінде немістердің адамдары және соғыс техникасының басты түрі жағынан жалпы шығыны мынадай: немістердің 69636 адамы қолға түсірілді, өлтірілді, дұшпан 167 самолётінен, 220 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегінен, түрлі калибрі 180 зеңбірегінен, 500 минометінен, 3113 пулеметінен, 429 автомашинасынан айырылды.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БҮРОСЫНАН

Қ. ДИХОМБАЕВ—ҚЫРҒЫЗ КСР-ның СЫРТҚЫ ІСТЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ

ФРУНЗЕ, 9 август. (ТАСС). - Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы бойынша, Қазы Дихомбаев Қырғыз

КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары болып тағайындалды.

Мал шаруашылығының республикалық мәслихатына қатысушылардың Қазақстанның барлық колхозшыларына, зоотехниктері мен мал дәрігерлеріне және жастарына ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар! мал өсірушілердің соңғы республикалық мәслихаты өткеннен бері бес жыл болды. Ол мәслихат Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы» 1939 жылғы 8 июльде шығарған тарихи қаулысын талқыдап, Қазақстанның колхозшыларын осы қаулыны тезірек орындауға шақырған.

Бұл бес жылдың ішінде колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын нығайту жөнінде көп жұмыс істелді. Колхоздардың товарлық фермаларына жаңадан 10 мың ферма қосылып, сыйыр малының саны екі еседен аса көбейді де, қой мен ешкі саны үш есеге жақын артты. Ал, қоғамдық малдың жалпы саны 3964,2 мыңнан 10122,9 мың басқа жетті. Соғыс жылдарының өзінде колхоздарда бұрынғы малға жаңадан 2,8 миллионнан аса мал қосылды. Қазір республикамыздағы малдың дені колхоздардың қоғамдасқан малы болып отыр, өйткені, қоғамдасқан мал барлық малдың 70 процентінен асады.

Егерде, сұрқыя неміс-фашистер бейбіт елбегімізге кесрін тигізбеген болса, онда мал өсіру жөніндегі табыстарымыз бұдан да зор болған болар еді. Гитлер Германиясының Кеңестер Одағына опасыздықпен шабуыл жасауы бүкіл халық шаруашылығын қайта құрып, оны майданның керегін өтеуге жұмылдыруды талап етті. Ал, еңбекке жарайтын миллиондаған адамдар бейбітшілік жұмысты қойып, қолына қару алып, отанымызды қорғауға аттанды.

Қазақстанның таңдаулы ұлдары орыстар мен, украиндармен, белорустармен, өзбектермен, қырғыздармен, көп ұлтты Кеңестер Одағының басқа да тұмсақан халықтарымен қоян-қолтық бірге қимылдап, жауға қарсы ерлікпен шайқасуда, фашист сұмдарды қыруда. Кеңесті Қазақстанның жіберген ұлдары әрқашан жауға қарсы шайқасушылардың алдыңғы сапында болды. Біздің республикамызда құрылған төрт дивизия мен бір бригада ең хұрметті атақ—гвардия атағын алуы, мыңдаған жауынгерлер мен офицерлер Кеңестер Одағының ордендерін, медальдарын алуы кездейсоқ табыс емес.

Ұлы отан соғысының майдандарында жауынгерлердің ерлік ісіне елдегі адамдарымыз егісте, мал фермаларында жұмысты стахановша істеп үн қосты. Еңбекшілер депутаттарының Мәжілісі Кеңестің 1943 жылғы 6 ноябрьде болған салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасында Сталин жолдас колхозшы шаруаның отан соғысы күндеріндегі жұмысын зор бағалап, былай деді: «Соғыстың үшінші жылында армиямыз азық-түлік жағынан кемшілік көрмей отырған болса, халқымыз азық-түлікпен, ал өнеркәсібіміз шикізатпен жабдықталып отырса, бұл колхоз құрылысы күшінің және ол өмір тұлғасы екендігінің, колхозшы шаруаның отаншылдығының арқасы».

Колхоздардың жұмысына көсеміміз берген бұл бағаға Қазақстанның колхозшылары да ортақ. Соғыстың үш жылы ішінде колхозшыларымыз соғыстың алдындағы үш жылға қарағанда мемлекетке етті 1076 мың центнер, сүтті 1640 мың центнер, жүнді 86 мың центнер артық берді.

Қазақстанның алдыңғы қатарлы облыстары мен аудандары мемлекетке ет тапсыру жөнінде бұрынғыдан әлдеқайда артық белгіленген тапсырмаларды орындаумен қатар, мал санын да көп арттырды. Гурьев облысының колхоздары 1944 жылдың алғашқы жартысында мал өсірудің мемлекеттік жоспарын асыра орындап, сыйыр малының санын 15 процент, қой мен ешкі санын 43,7 процент, жылқы санын 17 процент көбейтті. Осы облыстың Новобогат ауданы мал өсірудің мемлекеттік жоспарын асыра орындап, колхоздардағы мал санын 37,4 процент көбейтті.

Қызыл Армияның тарихи жеңістері жігерлендірген мыңдаған таңдаулы малшыларымыз аябай еңбек ете отырып, тамаша табыстарға жетті. Жамбыл облысының Луговой ауданындағы «Восток» колхозының шопаны Әлімбет Боқанов жолдас әрбір үз саулықтан 140 қозы алып, аман өсірді. Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы «Жас талап» колхозының жылқышысы Сақымолда Жантүбеев жолдас 1943 жылы 118 биеден 113 құлын өсірді, ал, 1944 жылдың 6 айында 136 биеден 130 құлын алып, аман өсіріп келеді.

Қызылорда облысының Арал ауданындағы «Саалды» колхозының түйешісі Абимолда Күліков жолдас 1943 жылғы 20 інгеннен 20 бота өсірді. Ал, 1944 жылдың 6 айында 20 інгеннен 18 бота алып, аман өсірді.

Алматы ауданының «Луч Востока» колхозының бұзаушысы Мария Шикова жолдас 1942 және 1943 жылдары 166 бұзауды шығынсыз өсірді. Ал, 1944 жылдың 6 айы ішінде 28 бұзауды аман өсірді.

Бұл табыстар Қазақстанның еңбекші малшылары майданға көмекті еселеп күшейту жөнінде Сталин жолдасын шақыруына жауап бере отырып, осылай маңызды іске күші мен білімін аябай жұмсағанын, өзінің сан ғасырлық тәжірибесін отанымызды қорғау ісіне жұмылдырғанын көрсетті.

Бірақ, малшылардың өткен бес жыл ішінде, әсіресе, соғыс жылдарында тапқан табысы Қазақстандағы орасан мол мүмкіншіліктерге толық сай деуге болмайды. Бірсыра аудандар мен колхоздарда кездескен елеуді кемшіліктер қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге кесірін тигізді.

Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақ КСР колхоздарында мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы» 1944 жылғы 12 майда шығарған қаулысында мал санының өсуі жеткіліксіз болғанын басты себептерінің бірі малды отарлап бағу жұмысы нашар өрістетілгені, мал

дың шөппен, қораман толық қамтамасыз етілмегені, жақсы күтілмегені болды деп көрсетті. Малды бұдандастыру және мал тұқымын асылдандыру жұмыстарында да бірсыра кемшіліктер бар.

Міне, осы кемшіліктердің салдарынан төл кем өсірілді, малдың қысыр қалуы, шығынға ұшырауы көбейді, малдың сүт және ет жағынан өнімі өте кеміп кетті, қойдан қырқылған жүн мөлшері кеміді. Колхоздардың қоғамдық малының өсу қарқыны жеткіліксіз болуымен қатар, соғыс жылдарда колхозшылардың жеке пайдалануындағы қой саны тағы басқа мал саны қатты кеміп кетті.

Мал шаруашылығын өркендету беру жөнінде Қазақстанның мүмкіншіліктері мол екенін ескеріп, Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі 1946 жылдың аяғына дейін колхоздарда сыйыр малы 2.200 мың басқа, жылқы 670 мың басқа, қой мен ешкі 10170 мың басқа, шошқа 200 мың басқа, түйе 57 мың басқа малдар 13 мың басқа жеткізілсін деп нұсқау берді. 1946 жылдың аяғында республикамыздың колхоздарының фермаларында 13 миллион 310 мың бас мал болуға тиіс.

Мал өсірушілердің республикалық кеңесі колхоздардағы мал шаруашылық жайы жөне Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақ КСР колхоздарында мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы» 1944 жылғы 12 майдағы қаулысының қалай орындалып келе жатқанын талқыдап, сіздерді 1944 жылдың мал өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспарын орындауға, малды алдағы қысқа керекті шөппен толық қамтамасыз етіп, басқа да қажетті жағдайдың бәрін жасау ісіне барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруға шақырады.

Мал өсірудің мемлекеттік жоспарын орындау үшін, ең алдымен, мал шығынды аз барлық түрін мейлінше азайту керек, әрбір ірі малды, төлді аман сақтау үшін күресу керек.

Бұл жөнінде пайдаланатын күрделі қорымның бірі—мемлекетке етке өткізілетін малды ойлағандай бағып, жақсы семірту болады. Әрбір колхоз, әрбір ферма малды бағу ісін дұрыс ұйымдастыруға, сөйтіп, малдың барынша семіз болуын қамтамасыз етуге күш салулары керек. Колхоздар мал аң саулықтан сүтті 75 процентін жаз кезінде алады, мал жаз кезінде ғана семіріп, тірілей салмағы артады. Сондықтан да, малды жайылымда бағу ісін бағаламауың өзі халық шаруашылығына орасан зын келтіреді, өйткені ондаған миллион сомның сүтінен, етінен, жүнінен айрыламыз. Күйі нашар мал қысқа шыдамсыз болады, көбіне өліп қалады, оның үстіне арық мал сойылса, еті аз болады да, тиісті мөлшерден жүз мыңдаған мал артық сойылып кетеді.

Сіздерді біз мал бағу ісіне барлық жұртшылықтың күнделікті назарын аударуға, сөйтіп, жылдың екінші жартысында мемле-

кетке ылғай күйлі, семіз мал өткізуге шақырамыз.

Мал өсірудің, ет қорын молайтудың тағы бір елеулі жолы—бір жасқа толмаған төлді союды, сатуды тоқтату болады, біз сіздерді тоқтыны 2—3 жасқа дейін өсіруге, барлық бұзауды бір жасқа дейін тегіс сақтауға шақырамыз.

Әрбір колхоз мемлекетке күйлі ірі мал өткізсе, сойса, бұдан көп пайда көреді. Сондықтан да, малдың күйін көтеріп, бірсыра аудандар мен колхоздардың мемлекетке берілетін басқа өнімдердің орнына ет-өткізуіне тыйым сала отырып, малдың өсімін бұрынғыдан да арттырайық.

Мал санын кемітетін жағдайлардың бірі—малдың өлімі. Мысалы, колхоздарымызда малдың бір проценті шығын болса, осының өзінен республикамызда жүз мың басқа жуық мал кемиді. Әрбір шопан, бақташы, әрбір бұзаушы, сауыншы, шошқашы, колхоз фермасының әрбір қызметкері жүкпайтын аурулардан болатын мал шығынын жоюды көзденсіз. Сөйтіп, жыл аяғына дейін жүз мыңдаған бас малды аман алып қалайық.

Мәслихатқа қатысушылардың екерше көрініп белген бір жағдай шошқа мен құс шаруашылығын өркендету жөніндегі кемшіліктер болды. Мал шаруашылығының бұл салаларының маңызы зор, сондықтан да, бұған жергілікті жерде қазіргіден көбірек көңіл бөлініп, көбірек қамқорлық жасалуға тиіс. Тауықтың жұмыртқасы жаралған жауынгерлерге, ауру адамдарға таптырмайтын ас екені, оған ешбір ас тең келмейтіні жұрттың бәрине белгілі. Мал шаруашылығының бұл салаларын күшейтуге мүмкіншілік бар, шошқа және құс фермалары жөнінде белгіленген жоспарды алі де орындауға болады. Август айының ішінде 9 айға толған қысыр мегежіңдердің бәрін шағылыстыру керек. Сонда олар декабрь айында төрай береді.

Құс шаруашылығы жөніндегі жоспарды орындау үшін колхоздар күстін балапанын өсірумен қатар, колхозшылардан құс сатып алу жұмысын ұйымдастыру керек. Орта есеппен әрбір колхоз үйі бір құс сатқанын өзінде де қазіргі кездегі кемшілікті жойып, колхоздардағы құс санын тиісті мөлшерге жеткізуге әбден болады.

Мал шаруашылығы жөнінде жылды қаншама жақсы алқтағанмен, оның нәтижесі қысқа жақсы әзірленіп, малды қыстан шығынсыз шығарғанда ғана баянды етіледі. Бұл үшін малды қыстауға барлық жағынан мінсіз әзірлену керек болады. Бұл істегі шешуші мәселе—мал азығы. Біз сіздерді барлық күшті жұмылдыра отырып, шөп дайындау, шөп сүрлеу жоспарларын орындау шарасының бәрін іске асыруға шақырамыз. Бір центнер шөп немесе сабан далада майданусыз қалмайтын болсын.

(Жалғасы 3-бетте)

Кеңес Хабаршы бюросынан

14 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

14 августа ПСКОВ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында АНТСЛА қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты 100ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде ВЕРХУЛИТСА, КАХКУ, ЦИРГАСКИ, СИМЕНТАЛУ, ТСОУ, СЯННА, МУРАТИ, СКРЫНИ, ЛИЗУПЕ, САЛЬНИ қыстақтары мен ВАГУЛА, СИМЕРЦАЛУ темір жол станцияларын алды.

РАСЕИЯН (РОССИИ) төңірегінде әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атақаларын тойтарды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 14 августа немістердің БОБР өзені бойындағы қорғану шебінің қуатты бекіністі ауданы—ОСОВЕЦ қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды.

САНДОМИР қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің қарсы атақаларын тойтаратын, ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ұрыстар жүргізді. Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

13 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 79 танкін қыйратты жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 22 самолеті атып түсірілді.

Псков қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанды үздіксіз өкшелете қудалай отырып, 25 километр алға басты. Кеңес жауынгерлері немістердің көптеген өзен бойындағы аралық қорғану шебін бұзып өтті. Әсіресе Рига-Таллин темір жолының шығыс жағында 22 километр жердегі Антсела қаласының іргесінде дұшпан қатты қарсылық көрсетті. Әскерлеріміз кескілескен ұрыстардан кейін Антсела қаласы мен темір жол станциясын алды. Жау адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шы-

ғынға ұшырады. Тек бір бөліміміздің өзі ғана 400ден аса гитлершілді жойып, дұшпанның 29 зеңбірегін, 18 минометін, оның ішінде алысқоволды 7 минометін, 44 пулеметін, 3 радио станциясын, оқ-дәрі қойылған 2 складын және азық-түлік қойылған складын қолға түсірді. Псков қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің бір батальон жаяу әскерін талқандап, жаудан 270 адам қолға түсірді. Батальонның бүкіл қару-жарағы мен ат-арбасы қолға түсірілді.

Рәсәйия қаласы төңірегінде бұрынғы

ертең дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің ірі күштері бекінісімізге атака жасады. Немістер зеңбіректер мен минометтерімізден нәсерлей жауған оққа тап болды. Гитлершілдер ұрыс даласында солдаттар мен офицерлердің 100 деген өлігін, бірнеше қыйраған танктерін қалдырып, бұрынғы шептеріне кері шегінді. Жау кемшілік-ақ тағы да қарсы атакаға шықты, бірақ ешбір жеңіске жетісе алмады. Ұрыстар болып жатыр.

Авиациямыз шығыс Пруссияда Элкунен темір жол станциясын бомбалады. Бомбалар теміржол эшелондары тұрған жерге түсіп жарылды. Үлкен өрт шықты, өрттен қоса күшті взрывтар болды. Шталауленен станциясында 3 сот үйі жойылды және жаудың бір неше составы өртенді. Бірсыра жерде темір жол табаны талқандалды.

2-Белорус майданының әскерлері бүгін танктерге, Бобр өзені бойындағы Осовец қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды. Немістердің қорғану шебі үшін шығыс Пруссия шекарасының кіре берісегі Осовец қамалының зор маңызы бар еді. Қамалдың бүкіл айналасы ең 16—20 метр тұтас орман қоршалған, ол ор сумен толтырылған. Орман соң балшықтан жасалған биіктігі 10 метр қырат бар. Дұшпан қамалдың іргелерінде ондаған бекіністер жасаған. Дұшпан қамалдың ішіне әрбір топ бөлмемен соң қуатты атыс құралдарын орнатқан. Кеше Осовецтің іргесінде кескілескен ұрыстар болды. Зеңбірекшілеріміз бен ұшқыштарымыз дұшпанның атыс ұлдарының үнін өшірді. Оңтүстік пен солтүстік жақтан шабуыл жасаушы кеңес әскерлері тас жолдан шықты да батпақты және тоғайлы

ді. Жауынгерлеріміз сулы ордан өтті де қалаға басып кірді. Кеңестің жойқыншы топтары дұшпанның ұзақ уақытқа арналған бекіністерін талқандады, гранаталар лақтырып және найзалан немістерді бекіністерінен қуып шығарды. Танктерге де бін әскерлеріміз дұшпанның гарнизондарын талқандауды аяқтап, Осовец қамалын тегіс алды.

Высокий мазовец қыстағы төңірегінде дұшпанның танктері мен жаяу әскерлері бір күнде онтығыз қарсы атака жасады. Бөлімдеріміз жаудың қарсы атақаларын ойдағыдай тойтарып, немістердің 600 солдатты мен офицерін, 8 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін жойды. Жаудың адамдар қолға түсірілді.

Сандомир қаласының батыс жағында әскерлеріміз Висла өзенінің сол жақ жағалауында табан тірейтін қамалын ұлғайту үшін ұрыстар жүргізді. II. құрамасының бөлімдері дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің бірнеше қарсы атақаларын тойтарып, алға басты да қолжылы шептерді алды. Жаудың бір батальон жаяу әскері жойылды, немістердің 15 танкі мен өздігінен жүретін 8 зеңбірегі өртенді, қыйратылды. Бір жерде қарсы атакаға шыққан дұшпанға тосқауылда тұрған танктеріміз тұтқиылдан атака жасады. Аз уақытқа созылған атақтан кейін гитлершілдер жөні кере шегінді. Ұрыс даласында жаудың 350 өлігі, немістердің өртенген 6 танкі мен 5 бронетранспортері қалды. Дұшпанның 2 танкі мен 3 бронетранспортері қолға түсі-

шаруашылығының республикалық мәслихатына ісушылардың Қазақстанның барлық колхозшыла- на, зоотехниктері мен мал дәрігерлеріне және жастарына ҮНДЕУІ

(Соңы. Басы 2-бетте).

ығын дайындаумен қатар, оны мал
және жерге тасу жұмысын ұйымдас-
мал қолға қарайтын кезге дейін
сабанның кемінде 60 проценті қыс-
тасып алынып. Мал азығын дайын-
қабат малдың қораларын жөндеп,
и салып, қысқа әзірлеу керек. Мал
рың кеңнен дереу тазартып, дәрілеп,
и қою керек.

қстанның колхоздары үш жылдан
алды қысқы жайылымға көп шыға-
мал. Бұл шараның игілікті іс екені
с жүзінде толық анықталды. Мал
отарланып бағылса, малға шөп аз
лады, сонымен қатар, малдың шығы-
лініне азалады.

ығы көшпенді кезде шөп дайында-
ықтан, қыста қалың қар
де жұтқа ұшырап, кейде көп мал
Ал, қазір мал қыстайтын жайылым-
мал азығының сақтық қорлары жа-
осындай кемшілікке жол берілме-

лдар? Малды қысқы жайылымға
атын кез енді қашық емес. Жайы-
рда қысқа әзірлік жұмысын дереу
астырып, шөптен сақтық қорын жа-
р. Малға қора әзірлендер, малшылар
қаларына үй әзірлендер.

і колхоздарда төлдейтін малдардың
қысыр қалып, мұның өзі мал санын
рттыруға үлкен бөгет болып келеді.
жылды Шығыс Қазақстан облысының
қаларында жыл басында қолда бар
йтін малдың әрбір жүзінен тек 65
72 қозы-лақ, 33 құлын, 616 төлді
ды. Мұндай кемшілік қорғау шаралары
ястыру жұмысын бетімен жібе-
і, бұған керекті өндіріс малдары
енбегінен, бұл жұмысқа колхоз ба-
аларының басшылығы жеткіліксіздігі-
болып келеді.

олдар! Төлдейтін малдың қысыр қа-
и жою мал шаруашылығы қызметкер-
ің алдында тұрған кезек күттірмейтін
маңызды жұмыс. Төлді көп өсіруге
көңіл бөлейік.

йдейтін малдың қысыр қалуын жойып
идей санын әрбір биеден, сыйырдап-
ық пен ешкіден төл алу үшін, әрбір
жінді жылына кемінде орта есеппен
жарым рет торайлату үшін күресінде-

ал өсіру жоспарының орындалуы, мал
ушылығының өнімін арттыру көбіне
дәрігерлік-тазалық жұмыстары жоңа
ылуына байланысты.

Солдестар! Мал дәрігерлері, дәрігер-тех-
тер, мал фельшерлері, тазалық дәрігер
Біз сіздерді малдың ауруына қарсы,
аддымен, аусылға, күлге, қотырға қар-
күрес шараларын күшейтуге шақыра-
ы. Біз мал шаруашылығы фермаларының
меткерлерін малдың ауруын жою жөнін
мал дәрігері қызметкерлерінің пұсқаула-
ның бәрін мүлтіксіз орындауға, олардың
мысына барынша көмек көрсетуге шақы-
ызы.

Республикамызда мал шаруашылығын
сендету жөнінде үлкен маңызы бар істің
і—өсірілетін малдың тұқымын дұрыс
дап алу, асыл тұқымды мал өсіру жү-
сын жақсарту болады. Біз аудандық
р бөлімдерінің мемлекеттік асыл тұқым-
і мал өсіретін орындардың, мал жөнінде-
түжрибе станцияларының зоотехниктерін
а тұқымын іріктеп алуда колхоздарға
мектесуге, ондай малдың өнімді мол бе-
тін болуын, сонымен қатар, олар өсіріле-
і жердегі жаратылыс жағдайына жақсы
ағиш болуын қамтамасыз етуге шақыра-
ы. Бұл жұмысты басқармай, бетімен
іберуге болмайды.

Зоотехник жолдестар! Сіздерге малдың
үрлді тұқымын дұрыс орналастыру, мал
аруашылығында тұқым асылдандыру ісін
істейтуді қамтамасыз ету сияқты жауап-
і міндет жүктеліп отыр. Бұл жұмыста
керлік, шеберлік көрсетіндер, зоотехника
ық шараларды іске асыру жолын берік
стандар.

Партия мен үкмет колхозшы шаруаның
ауқат дәрежесін көтеруге орасан зор
қорлық жасап келеді. Соғысқа байла-
ысты кездескен қиыншылықтарға қара-
астан, Одақтық Халық Комиссарлары Ке-
есі малсыз колхозшыларға ұсақ тұқым
ады сатылсын деді, колхоздарға
қоспардан тыс өсірілген мал еңбеккүнге
ыңайлап беріліп және мал шаруашылы-

Колхозшы жолдестар! Егіс даласында,
фермада аябай еңбек етіп, егін шаруашы-
лығы мен мал шаруашылығы жөніндегі
жоспарлардың бәрін толық орындап шыға-
йық. Біздің қаһарман Қызыл Армияға ас-
тықты, етті, майды, сүтті еселеп көп бере-
йік, өнеркәсіпке шикізатты мол берейік.

Колхоздардың мал фермаларының қыз-
меткерлері! Малдың өсуі оны сіздердің
күте білуіңізге байланысты. Біз сіздерді
малды ұқыпты күтуге Бүкілодақтық социа-
листік жарыста озып шығу үшін, Мемле-
кеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қы-
зыл Туын алу үшін күресуге шақырамыз.

Ауылдар мен қыстақтардың жастары
мен комсомол мүшелері! Неміс басқыншы-
ларды жеңу жолында отанымыздың сан
мыңдаған жас жауынгерлері асқан ерлік-
тер көрсетті, мәңгі ұмытылмайтын даңққа
бөленді. Біз сіздерді сол батырлардан үл-
гі алуға, елдегі жастардың барлық күшін,
жалынды жігерін мал шаруашылығын өр-
кендетуге жұмсауға шақырамыз.

Малшы жолдестар! Колхоздың мал ша-
руашылығының қызметкерлері! Біздер, мал
шаруашылығының республикалық мәслиха-
тына қатысушылар, сіздерді мынаған шақы-
рамыз: Одақтық Халық Комиссарлары Ке-
несінің «Қазақ КСР колхоздарында мал
шаруашылығын өркендете беру шаралары
туралы» және «Қазақ КСР колхоздарында
төл өсіру және ірі малды аман сақтау жө-
ніндегі тапсырмаларды асыра орындаған
мал өсіру жұмысындағы колхозшылардың
енбегіне қосымша ақы төлеу туралы» қау-
лыларын орындау негізінде мал өсіруші
бригадалар, фермалар, колхоздар, аудандар
мен облыстар арасында соғыс тиістік жарыс
өткізілетін, мал өсіруде бийілігі жыл-
дың өзінде мынадай табыстарға жетейік.

1. Малды күту, бағу жұмысын жақсар-
тып, мал шығынын неғұрлым азайтайық,
мал өсірудің мемлекеттік жоспары сыйыр
малынан, жылқыдан, түйеден толық 100
процент, қой мен ешкіден 105 процент
орындалуын қамтамасыз етейік.

2. Бийілі алынған төлден құлынның ке-
мінде 95 процентін, қозының 94 процентін,
бұзаудың 90 процентін, ал, мал өсіруші
44 ауданда құлынның кемінде 98 процен-
тін, қозының 97 процентін, бұзаудың 95
процентін аман өсірейік.

3. Шөп шабу жоспарын 100 процент, ал,
тонана есебімен шөп жыйнау жоспарын 103
процент орындап, кемінде 500 мың тонна
шөп сүрлейік.

4. Мал қыстату басталғанға дейін, бірін-
ші ноябрьден кейінгі кезінде мал
ға керекті шөптің кемінде 60 процентін
қыстауларға тасып алайық; осы мерзім
ішінде мал қораларын салу, жөндеу, дәрі-
леу жұмыстарын толық аяқтайық.

5. Мал отарлап бағылатын жерлерде
қысқа әзірлікті тиімділігі жүргізейік,
шөптен кемінде 750 мың тонна сақтық қор-
ын жасайық, мал қыстайтын жайылымдар
да 214 мың сыйыр малы, 3.700 мың қой
мен ешкі, 286 мың жылқы мен түйе сыя-
ғын қора өзірейік.

6. Мемлекетке етке өткізетін малдың ті-
рі салмағының орта есебін мынадай мөл-
шерге жеткізейік: сыйыр малының салма-
ғын кемінде 270 килограмға, қой мен ешкі
нің салмағын кемінде 43 килограмға жеткі-
зіп, мемлекетке ылғый күйлі және семіз
мал өткізейік.

7. 1944 жылы төлдеуге жарайтын мал-
дардың бәрін шағылысуын қамтамасыз
етейік, сөйтіп, 1945 жылы қолда жыл ба-
сында болған әрбір балабайтын малдан
төл алынуын қамтамасыз етейік.

8. Асыл тұқымды мал өсіруге 14.802
құлын, 11.900 тайынша бұқа, 63.700 тоқты
қошқар, 6000 еркек торай қалдырайық.

9. 1945 жылдың аяғына дейін колхоз
үйлерінің малсыздығын жояйық.

10. Қойдың қотырын, сыйыр малының
алаөкпесін жояйық.

Жолдестар! Қызыл Армия отан соғыс-
ның майдандарында өшпес даңққа бөлен-
ді. Фашист жауыздарды толық талқандай-
тын сағат жақын.

Біз сіздер отанымызды қорғаушылардың
ерлік істеріне сай еңбек ете беруге, майдан-
ға көмекті еселеп мол беруге, күш-жі-
герді бұрыныдан да берік жұмылдыруға
шақырамыз.

Мығымас берік Кеңестер Одағы және
оның қаһарман Қызыл Армиясы жасасын!

АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕС-- ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН КҮРЕС!

Облысымыздың колхоз, совхоздары 13 августағы
жөксенбілікте мемлекетке 99.864 пұт астық тапсырды

Қызыл керуен

Кең алқапқа көз жіберсеңіз—жайкалып,
пісіп тұрған бітік егін. Ауыр басын көтере
алмай майысқан бидай желмен ырғалып,
геңіздей толқыйды. Осы егіннің үстінде
комбайндар мен тракторлардың гүрілі және
лобогрейкалардың даусы дамыл алмай-
ды. Колхоз даласында қайнаған еңбек.

Звенолар мен бригадаларда өндірістік
зор өрлеу. Колхозшылар жерге көктемде
сіңірген еңбегінің жемісін алуда. Қара
бидайда бойлап өскен. Колхозшылар егінді
соғып, алғашқы соғылған астықты қабыл-
дау орнына жөнеліп жатыр. «Ленинский
путь» ауыл шаруашылық артелінің Қара-
қоға элеваторына астық тиелген 38 арба
жөнеліп кетіп барады. Бұл керуен алғаш-
қы соғылған астықтан мемлекетке 918 пұт
астық әкелді.

Астық тиелген қызыл керуенді баста-
уыш комсомол ұйымының секретарі Золото-
ва жолдас басқарып келді. Астық қабыл-
даушылар әкелінген астықты тексеріп, са-
палы деп тапты.

Дмитров атындағы ауыл шаруашылық
артелінің мүшелері жұмыс қарқынын кү-
шейтті. Егінді ору жұмысы қыза түсті.
Мұнда 558 пұт астық дереу арбаға тиеліп,
элеваторға жөнелтілді.

Колхоз председатели Степанов жолдас
керуеншілерді таңсәріден жыйнап алды
да:

—Қабылдау орнына астықты бірінші бо-
лып тапсырындар да, тез орайындар,—деді.
Бұл күні элеваторға 17 колхоздан ке-
руен келді. Астық қабылдаушылар стаха-
новша еңбек істеп, элеваторға 5862 пұт
астық өткізді.

Керуеншілерді қабылдау орнындағылар ой-
дағыдай әзірлікпен қарсы алды. Олар қы-
зыл бұрыш үйін жабдықтап, оны газеттер
және журналдармен қамтамасыз етті. Ас-
қана ұйымдастырылды. Үгітшілер колхоз-
шыларға Кеңес Халық Бюросының мәлі-
метін, Отан соғысы майдандарынан жа-
уынгерлік эпизодтар оқып берді.

Ө. КАДІРЕНОВ.

16.392 пұт астық тапсырды

Совет ауданының алдығы қатарлы кол-
хоздары мемлекетке астық тапсыру жөнін-
дегі жөксенбілікті үлгілі өткізді. Жөксен-
білікте колхоздардың астық тиелген қы-
зыл керуендері қабылдау орындарына қа-
рай лек-легімен ағылып жатты. Олар жел-
біреген қызыл туларында: «Астық үшін
күрес-жеңісіміз үшін күрес», «Мемлекетке
астық тапсыру—колхоздардың бірінші па-
рызы» деген ұрандар жазылған.

Қабылдау орнына 14 арбадан құралған
қызыл керуен келе жатты. Бұл Аманкелді
ағындағы ауыл шаруашылық артелінің ас-
тық тапсырушылары. Бұлар бүгін Қызыл
астық қабылдау орнына 882 пұт астық әке-

ліп тапсырды. Мұның өзі астық тапсыру
басталғанды тасылған астықтан бірнеше есе
көп.

Қабылдау орнына «Победа» колхозының
керуеншілері 13 арбамен 840 пұт сапалы
астық өткізді. «Ельтай» колхозы 720 пұт,
«Кенес» колхозы—630 пұт және «Қызыл
ағаш» колхозы—354 пұт астық әкеліп, қа-
былдау орнына өткізді.

Жөксенбілікті совхоздар да үлгілі өткізді.
Аудан совхоздарының бір күнде қабылдау
орнына 8616 пұт астық тапсырылды. Ал
колхоздар 7776 пұт астық тапсырды. Сөй-
тіп, ауданда мемлекетке тапсырылған ас-
тық бір күнде 16.392 пұтқа жетті.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

Әйелдердің игілікті бастамасы

Мамлют ауданындағы «Путь вождя ре-
волюции» ауыл шаруашылық артеліндегі
майданшылардың аналары мен әйелдері
тамаша игілікті бастамаға жаршы болды.
Олар мемлекетке астық тапсыру жөніндегі
жөксенбілік күні өз сыйырларын жегіп, 75
арбадан қызыл керуен ұйымдастырды да
астық қабылдау орнына 200 центнерден
аса астық апарып тапсырды.

—Бұл, істің бастамасы ғана. Мұндай қы-
зыл керуендерді біз жиі-жиі ұйымдасты-
рып отырамыз, сөйтіп колхозымыздың
мемлекет алдындағы бірінші парызын мүл-
тіксіз өтеуін қамтамасыз етеміз,—дейді ке-
руенші қыз-келіншектер.

Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі
жөксенбілікте «Свободный труд», «Путь
Октября», «12 лет Октября» және «Красная
Нива» ауыл шаруашылық артельдерінің мү-
шелері асқан отанышылдық және ұйымшыл-
дық көрсетті. Бұл колхоздардың қызыл
керуеншілері элеваторға бірнеше жүздеген
пұт астық өткізді. Бұл күні тек «12 лет
октября» ауыл шаруашылық артелінен
2196 пұт астық әкелінді.

Мемлекетке астық тасу күн санап өріс
алуда. Бүгінгі күнге дейін ауданда мемле-
кетке 30.378 пұт астық тапсырылды.

П. ҚАСЕНОВ.

Жөксенбілікте

Петропавл ауданы колхоздарының кол-
хозшылары айбынды Қызыл Армияның май-
даңдағы жаңа табыстарға жетуді тұрметіне
мемлекетке астық тапсыру қарқынын кү-
шейтуде. Фурманов атындағы ауыл шаруа-
шылық артелінің мүшелері бір күнде ме-
млекетке 1588 пұт астық тапсырды.

Мемлекетке астықты үздіксіз тасу жұ-
мысы Киров атындағы ауыл шаруашылық
артелінде де өріс алды. Бұл колхоздан қа-

былдау орнына бір күнде 786 пұт астық
әкелінді. Коминтерн атындағы және «Удар-
ник» ауыл шаруашылық артельдерінің мү-
шелері де мемлекетке астық тапсыруда
қарқын үстіне қарқын қосты.

Аудан колхоздарынан мемлекетке астық
тапсыру жөніндегі жөксенбілікте астық
дайындау орнына 5370 пұт астық өткізілді.

Ә. МҰХАМЕДРАХИМОВА.

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА

ПАВЛОДАР. Лозов, Лебязі, аудандары
ның колхоздары мемлекетке қара бидай өт-
кізуді мерзімінен бұрын орындады.

Павлодар, Максим Горький, Каганович
аудандарының дайындау орнына астық үс-
ті-үстіне келіп түсуде. Бұл орындарға 5
күн ішінде 3 мың центнер астық өткізілді.
Максим Горький ауданындағы «Коммуна»
ауыл шаруашылық артелінің жастары өз
күштерімен астықты бастырып, дайындау
орындарына 3 күн ішінде 800 пұт астық
жеткізді.

* * *

АҚМОЛА. Ақмола ауданының 11 колхозы
дайындау орнына бидай, қара бидай,
арпа және сұлы өткізуде. Егін орағы бас-
талғаннан бері 9.600 тонна астық қабыл-
данды. Әсересе таразышы Ульяна Пулин-
кова, лободантка Татьяна Янапова жол-

ға арнап шайхана, асхана ұйымдастырыл-
ды.

* * *

ГУРЬЕВ. Гурьев облысы Запорожье,
Ворошиловград, Воронеж облыстарында
жылқы фермаларын қалпына келтіру үшін
асыл тұқымдас жылқылар жіберілді. Осы
жылы небары Гурьевтен 2 мың асыл тұ-
қымды жақсы жылқылар жіберілді.

Облыста қазір жылқы фермасының са-
ны 30ға жетті. Маңғыстау: Жеченко, Жыл-
досым аудандарында 11 мыңнан аса бас
жылқы бар.

АНДРЕЕВКА. (Талдықорған) «Победа»
ауыл шаруашылық артелінің мүшелері тұ-
қымдық учаскелерге күздік егіс егуге кі-
рісті. Василий Мамонтов жолдас 4 гектар
егіс егудің орнына, 6 гектар екті. Онымен
жарысқа түскен Алексей Белоусов жол-

Бір күнде 7

ӨІР КӘСІПІ ЖӘНЕ ТРАНСПОРТ ОРЫНДАРЫНДА

Қызыл армия жауынгерлерінің жеңістеріне жауап

Петропавлдағы Қазақстанның 10 жылдығы атындағы қолөнершілер артелінің жұмысшылар коллективі Қызыл Армияның жеңістеріне жаңа өндірістік табыстармен жауап беруде. Коллектив өткен айдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындап жоспардан тыс 50 мың сомның көпшілік қолды бұйымын өндірді.

Мәдени цехының жұмысшылары социалистік жарысты өрістету нәтижесінде зор табыстарға ие болу үшін барлық мүмкіншілікті тегіс пайдаланды. Цех август айының 10 күндік жоспарын екі есеге дейін орындап, артельде бірінші орынға ие болды.

Етік тігу цехының коллективі ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын өндіріс мүдделеріне сай жүргізе білу нәтижесінде өткен

айдың өндірістік жоспарын бір жарым есеге дейін артығымен орындап, август айының да 10 күндік жоспарын 120 процент орындады.

Бұл жарыста киім тігу цехының жұмысшылары да үлгі көрсетіп, өндірістік жоспарды екі есеге дейін артығымен орындап жүр. Стахановшы Андреев, Бабасанов жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін бір жарым-есе артығымен орындайды.

Артель коллективі үшінші тоқсанның өндірістік жоспарын 10 сентябрьге дейін толық орындап, жоспардан тыс 76 мың сомның көпшілік қолды бұйымын өндірмек.

М. МАРГОЛИН,

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы артельдің председатели.

Жас паровозшылар қажірлі еңбек істеуде

Петропавл депосы электр цехының Захаров жолдас басқаратын майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері Кеңестер Одағы комсомол-жастарының Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемендерін орындай отырып, паровоздарды, вагондарды жөндеу жұмыстарын жақсартуда. Олар өздерінің жұмыс көрсеткіштерін өткен айдың ішінде 170 процент орындап, жұмыстан бос уақытта 3 паровоз, 4 генератор және 3 электр түтіктерін жөндеп шығарды. Бұл еңбектері үшін олар депо комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Электр өңдеу цехының комсомол жастары август айының өндірістік жоспарын екі есе артығымен орындауға міндеттенген болатын. Бұл міндетті Фазина жолдасының басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері аброймен орындауда.

Тимофеев жолдас басқаратын майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері

лақты Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейту үшін тапсырманы әрдайым артығымен орындады. Олар бір паровозды жөндеді.

Бас машинашы Шеплюк жолдас басқаратын паровозшылар бригадасы жұмыс уақытымен санаспай қажірлі еңбек істеу нәтижесінде поездың жүру шапшаңдығын сағатына 2 километр арттырып, оның тәулік жүру жылдамдығын 700 километрге жеткізді, сөйтіп ай сайын 20—25 тонна көмір үнемдеді.

Стахановшы Борисов, Гутман жолдастар неміс басқыншыларын тез талқандап, жеңіс күнін жақындату үшін, соғыс талабына лайықты еңбек істеп, күнделік жұмыс тапсырмаларын екі есе, үш есе артығымен орындап жүр.

Депонның комсомол-жастары қолжеткен табысты баянды етіп, екінші жарты жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындауда, жоспардан тыс, 10 паровоз, 3 электр түтігін, 2 генераторды жөндеп шығаруға міндеттенді.

Е. МАЛАЕВ.

Жоспардан тыс азық-түлік өндірмек болды

Петропавлдағы нан комбинатының жұмысшылары Жоғарғы Бас Қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен наградталғанын зор қуанышпен қарсы алып, өздерінің еңбек майданындағы жігерін одан сайын күшейтті. Сөйтіп жоспардан тыс көптеген азық-түлік өндірді.

Нан пісірушілер шабуылдағы Қызыл Армияның азық-түлікпен кереметіне қамтамасыз ету үшін жанқиярлық еңбек істеп, өткен айдың өндірістік жоспарын 124 процент орындады, комбинат ауыспалы Қызыл Туды алды. Қызыл Туды қолда берік ұстаймыз, жұмысты жанаймай істеп, күнделік жұмыс тапсырмаларын біржарым есеге дейін артығымен орындауға міндеттемелер аламыз,—дейді, олар.

Попова жолдас басқаратын цехтың жұмысшылары өткен айдың өндірістік жоспарын екі есе артығымен орындады. Жұсыпов жолдасының басқаруындағы майдандық бригаданың мүшелері жеңіс сағатын тездету үшін, жұмыс қарқынын күшейтіп, август айының 10 күндік жұмыс тапсырмасын 120 процентке дейін орындады.

Исаев пен Дремов жолдастардың бригада мүшелерінің ұқыпты жұмыс істеуі нәтижесінде, өндірілген азық-түлікте бірде-бір жарамсыздық болған емес. Шляхтина жолдас басқаратын бригада мүшелері өткен айдың социалистік жарыс қортындысында едәуір табыстарға ие болды. Бригада мүшелері жұмыс тапсырмаларын 120—170 процентке дейін орындады.

М. ЕРАЛИН.

Жақан СЫЗДЫҚОВ.

КӨКШЕНІҢ КҮМБЕЗІ

Тербетілген өлеңмен,
Талбесігім ырылып,
Қылаң құйрық қос аяқ
Қудым талай белеңнен.
Қалың жыныс, бұйра тал,
Көк майсалы шалғында
Көл түбінде текселген
Құмар едік балдырға.
Асығушы екі біз күтіп,
Ел жайлауға қонғанын...
Араласушы екі әндетіп
Қарағаштың орманын.
Саялы жер, самал жел,
Сары арқаның сауыры.
Қалы кілем түріндей
Сұлу Көкше бауыры.
Ақбас бұра, көк шатыр,
Аспан тіреп бір өзі.
Көкті құшып, көз тартып
Кербез Көкше күмбезі.
Жалықпаушы екі тындауға,
Отырсақ та ұзақ түні;
Сонда есімде қалыпты
Әңгімесі әжемнің.
Әжем сонда толғанып,
Ертегісін сөйлейтін.
Шежіредей тебіреніп
Тәтті хиял тербейтін.
Тыңдайтуғын Сәлія,
Сылдыр қағып сырғасы.

Көз алдымда әлі тұр
Ардақты әже тұлғасы.
«Балам, балам, жан балам,
Көрдінбе әне күмбезді.
Жаратқан жоқ табиғат
Көкшедейін кербезді.
Осы күмбез баурында,
Өткен талай жорықтар...
Батыр ұлан, ер жігіт,
Ән салыпты нелер сал.
Көркем күмбез жаралған,
Бір батырдың туынан.
Желкілдейді торғындай
Күміс сәуле буынан.
Арылыпты күмбезге
Нелер әсем сұлу жыр
Сағымға іліп садағын
Аттанғанда батыр ұл.
Желекті найза қолға алып,
Желкілдеп тұлпар айдары.
Көз ұшында көк күмбез,
Махаббат, ерлік айтағы.
Балам, балам, жан балам,
Қарап қойшы күмбезге.
Көкшеге күмбез жарасып
Құбылып тұр ілезде...»
Дейтін еді, қарт әжем.
Ұмытпаппын әлі ойда.
Кербез Көкше күмбезі
Өрлетеді әр ойға.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабары

Америка әскерлерінің Вир төңірегінде шабуыл жасауы

НЬЮ-ЙОРК, 13 август. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігі, Американың жаяу әскерлері мен танк бөлімдері 10 августа таң ата Вирдің оңтүстік жағындағы майданда ірі шабуыл бастағанын хабар етті.

Немістер Сена өзеніне қарай майдан сойы 30 миль жерде кері шегініп барады. Дүшпанға ауыр соққы берілді.

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Ори өзенінің шығыс жағында жаңа табыстарға жеттік. Одақтастар әскерлері Клер Тизон мен Доннэге кірді. Сен-Пьер-Ла-Вейдің оңтүстігінде Кондэге қарай баратын жолдың екі жағымен де шабуыл жасалуда. Әскерлеріміз қатты ұрыстар мен

Вьердің оңтүстік-шығыс жағына қарай ілгеріледі. Мортен бағытының тағы оңтүстігіне қарай әскерлеріміз, кері шегінген немістерді өкшелете қуа отырып, мина қойылған алаңға кез болды, бұларға дүшпанның алыстан ататын зеңбіректерінен оқ жаудырылды.

Бретаньде Динарға қарсы шабуыл жүргізілуде, мұнда дүшпан қатты қарсылық жасап отырды. Сен-Малодағы герман гарнизонының қалдықтары қамаудан әлі шыққан жоқ. Брест жанында әскерлеріміз алдап алға ілгеріледі. Лорианда еш қандай өзгеріс жоқ.

Одақтастардың авиациясы жаудың соғыс орындарына бірсыпыра қатты шабуыл жасады.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Италиядағы одақтастар әскері штабының хабары бойынша, Флоренциядағы дүшпан мергендерінің белсенділігі бәсеңдеуде. Майданның басқа учаскелерінде сақшылардың қыймылы болып жатыр.

Одақтастардың ауыр бомбардировщикте-

рі Печ қаласында (Югославия) шоғырланған жау әскерлеріне шабуыл жасады. Авиацияның екінші бір құрамалары оңтүстік Франция мен солтүстік Италиядағы дүшпанның соғыс орындарына соққы беруде болды.

Одақтастар авиациясының қыймылдары

ЛОНДОН, 13 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі, «Москито» самолеттері құрамасының 12 августқа қараған түні Берлинді бомбағандығын хабар етті.

13 августа қараған түні Англия бомбалаушы авиациясының самолеттер құрамалары Брауншвейх пен Руссельгеймге (Германия) шабуыл жасады.

Бомбардировщиктердің екінші бір құра-

малары солтүстік Франциядағы түрлі соғыс орындарына шабуыл жасады.

Европадағы Америка соғыс әуе күштерінің штабы мынаны хабарлады: Америка авиациясының ірі құрамалары кеше солтүстік Франциядағы Герман аэродромдарын бомбалады. Сол сыяқты Мецдегі іріктеу станциясына шабуыл жасады. Барлығы алты аэродром бомбаланды.

Варшавадағы „көтеріліс“ туралы Америка шолушысы

НЬЮ-ЙОРК, 13 август. (ТАСС). Белгілі Америка радио коминтаторы Стил мынаны мәлімдеді:

«Польшаның шетелдегі үкметі ең жауыздық ниетпен жасалған саяси әдістердің біріне кінәлі. Өйткені ол Варшавадағы жасырын жұмыс жүргізіп жүрген поляктарға қолдарына қару алып шығуға бұйырған. Лондон тобы күн бұрын көтеріліс жасауға бұйрық берді. Ондағы мақсаты, насихат жорығын жасап, АҚШпен Англиядағы өздерінің ұстаған жолын нығайту. Сосниковский, Андерс және олардың сыбайластары бұл бұйрық үшін жауапты, олар—қан ішкіштер. Оларды дереу АҚШ, Англия, КСРО және Польша өкілдерінен құрылған халықаралық трибуналдың соғыс сотына беру жөн».

Черчилльдің Тито және Шубашичпен кездесуі

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Лондонда ресми түрде мыналар хабар етілді: «12—13 августа Премьер—министр Уинстон Черчилль Италияда Югославияның Премьер-министрі Шубашичпен және маршал Титомен әңгімелесті. Әңгімеде толық достық жағдайда саяси және соғыс мәселелері талқыланды. Маршал мен Югославияның Премьер министрі екі жақтың да мақсатын білдіретін, Югославияның игілігіне барлық жағынан көмектесетін бұл әңгімені соға беруді ұсынды».

Одақтастар әскерлері Аржантанға жетті

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Мортен-Вир секторында немістердің кері шегінуі тоғыздан қашқанға ұқсайтындығын хабар етті.

Одақтастардың әскерінің недәуір күші Аржантан ауданына жетті.

Гитлерге қастық жасау жөнінде

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша цюрих дипломатия қызметкерлерінің пікірінше, Гитлерге қарсы қастық жасау әрекетін ұйымдастыруға қатысқандардың жалпы саны 3—4 мың адам деп есептелінеді.

„Сенімсіз“ герман офицерлерін тұтқынға алу

ЛОНДОН, 14 август. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, Норвегияда Герман армиясында міндетті түрде қабылданған Гитлер тәртібімен аманжасудан бастартқан бір неше неміс офицері тұтқынға алынды.

Ослодан немістердің бірнеше белгілі офицерлері жоқ болып шықты, олардың не тұтқынға алынғаны, не қашып кеткені белгісіз.

Жауапты редактордың орынбасары Қ. ӘЛІМБАЕВ.

Көкшедегі көк күмбез,
Абылайдың айбары.
Аламан туы желпілдеп
Кер тұлпардың айдары.
Көкшедегі көк күмбез
Ер Науанның садағы.
Қобылы найза, көк сүңгі
Батыр Қанай жалауы.
Теңіздей терең сыры бар,
Сері Ақанның шерлі үні;
Әннен өрнек төгілген
Босқындайын бұлбұлы.
Сағымданған елесі,
Домбырасы Біржанның.
Тоғызан алтын ордасы
Күй сандығы жыр, әннің.
Көкшедегі көк шатыр,
Мейірілі әжем жүрегі.
Арқаның сұлу аруы
Аяулы жардың желегі.
Құндағы батыр Мәліктің.
Көкшедегі көк күмбез,
Самсаған жауды сескентер
Садағы батыр халықтың.

Желкілдейді көк торғын,
Сүйсе аялап күн көзі;
Досына ту,

Жауға айбат,

Айбынды Көкше күмбезі.
Жұпар желі аңқыған
Сары арқаның сауыры.
Ақынды жырмен тербеткен
Сұлу Көкше бауыры!

Июль, 1944 жыл. Алматы.